

**Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 336 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1119 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет
кодексінің 34-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) «Білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік
қ ы з м е т с т а н д а р т ы ;

2) «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білімнің жалпы білім беру
ұйымдарына және үйге тегін тасымалдауды қамтамасыз ету» мемлекеттік қызмет
с т а н д а р т ы ;

3) «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық
стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау»
мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай
өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік
қызмет көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысына мынадай
ө з г е р і с т е р е н г і з і л с і н :

тақырыбындағы және 1-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8)
тармақшаларындағы «көрсету» деген сөз алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім, ғылым
органдарынан және оқу орындарынан шығатын білім туралы құжаттарға
апостиль қою» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, «Қазақстан
Республикасының мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жолдама беру үшін
мектеп жасына (7 жасқа) дейінгі балаларды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету

стандарты, «Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалды кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, «Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, «Кәмелетке толмаған балаға тиесілі тұрғын үй кепілдігімен несие ресімдеу үшін банктерге рұқсаттар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, «Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты және «Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының анықтамалар беруі» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 4 4 , 4 0 1 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімінде:

2 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 85-жолдағы «анықтама» деген сөз «анықтамалар» деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

реттік нөмірі 87-жолдағы «ауыстыруға» және «анықтама» деген сөздер тиісінше «айырбастауға» және «анықтамалар» деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

реттік нөмірі 88-жолдағы «Зейнеткерлік қорларға» және «анықтама» деген сөздер тиісінше «Зейнетақы қорларына» және «анықтамалар» деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

реттік нөмірі 89-жолдағы «жасау» және «кеңесінің шешіміне анықтама» деген сөздер тиісінше «ресімдеу» және «органдарының анықтамаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 123-жолда:

«қамсыздандыруға» деген сөзден кейін «арналған» деген сөзбен толықтырылсын;

«құжаттар» деген сөз «құжаттарды» деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

реттік нөмірі 124-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау»;

реттік нөмірі 127-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
«Кәмелетке толмаған балаға тиесілі тұрғын үй кепілдігімен несие ресімдеу үшін банктерге рұқсаттар беру», орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 1 н а у р ы з д а ғ ы
№ 3 3 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Астана қ., Жеңіс д., 16\1, (4-қабат, сол қанат) мекенжайы бойынша орналасқан Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (бұдан әрі – орталық) көрсетеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – комитет) уәкілетті орган болып табылады. Комитеттің мекенжайы: Астана қаласы, сол жақ жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, Министрліктер үйі, 11-ші к і р е б е р і с .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 39-бабының 4-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат комитеттің ресми сайтында (www.educontrol.kz.) және орталықтың сайтында (

www.nac.edu.kz) орналасқан, телефондар: 8 (7172) 74-24-29, 74-23-49, 73-17-43,
73 - 17 - 44 , 73 - 17 - 50 .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесінде тұтынушы білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы қағаз жеткізгіште куәлік не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жазбаша түрде жауап алады.

6. Мемлекеттік қызмет шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттары бар жеке тұлғаларға (бұдан әрі — тұтынушылар), сондай-ақ өз қызметкерлерінің құжаттарын тану/нострификациялау рәсіміне ұсынатын заңды тұлғаларға (білім беру ұйымдарына) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:

1) тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырғаннан сәттен бастап — 4 ай;

2) мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттар пакетін тапсыруға ниеттенген тұтынушының күтуі үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт — 30 минут, құжаттарды тапсырғанын растайтын анықтаманы алуы үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт — 30 м и н у т .

3) мемлекеттік қызметті алушыға тұтынушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт — 20 минут, білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілерден ұжымдық түрде құжаттар тапсыру к е з і н д е — 1 с а ғ а т .

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағалар преysкурантына сәйкес ақы алынады, онда жүргізілетін рәсімнің — білім туралы құжаттарды бірден танудан бастап, штаттан тыс сарапшыларды тарта отырып, құжаттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігін сараптауды қамтитын нострификациялау (баламалылық) рәсіміне дейін - күрделілік деңгейі көрсетілген. Ақы төлеу - қолма-қол ақшасыз жүргізіледі.

Банктік деректемелер:
ҚР БҒМ «БПЖАҰО» РМҚ
СТН 620200256368
БСН 050640004360
ЖСК KZ117998ВТВ0000002884
«Цеснабанк» АҚ астаналық филиалы
ВСК ТSES KZ КА
К б е 1 6

Түбіртек нысаны ақы төлеу жүргізілетін банктің қалауы бойынша белгіленеді

Жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Құжаттарды қабылдау орталықта, сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап бейсенбі аралығында сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады, анықтамалар құжаттар қабылданған күні 18.00-ден 18.30-ға дейін беріледі.

Куәліктер сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын 09.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) беріледі.

Алдын ала жазылу немесе қызметті жеделдетіп ресімдеу жүргізілмейді.

10. Қажетті құжаттардың тізбесі, құжаттар мен өтініштердің үлгілері, жұмыс уақытының кестесі бар ақпараттық стенд бар. Физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ғимаратта орталықтың кеңсесіне апаратын лифт пен пандус көзделген.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

11. Осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін тұтынушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініш;

2) білім туралы құжаттың көшірмесі мен салыстырып тексеру үшін оның түпнұсқасы;

3) білім туралы құжаттың: өткен оқу курстарының сағат көлемі, қойылған қорытынды бағалары, практикалық, курстық және бітіру кезіндегі біліктілік жұмыстарының тізбесі және оқу үдерісін құрайтын басқа да ақпарат бар қосымшасы (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа);

4) білім туралы құжаттың және оның қосып қосымшасының мемлекеттік және/немесе орыс тіліне (қажет жағдайда) нотариалды куәландырылған аудармасы. Аударманы куәландыруды Қазақстан Республикасының аумағында нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдары жүзеге асырады. Жекелеген жағдайларда (мысалы, прецедент бойынша тану белгіленген жағдайда) құжат берілген мемлекеттің Қазақстандағы дипломатиялық қызмет орындары жасаған аударма

ұ с ы н ы л у ы

м ү м к і н ;

5) білім туралы құжат иесінің жеке басын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

б) оқу орнының мөрімен расталған негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардан басқа білім туралы құжатты берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің және/немесе лицензияның көшірмесі (қажет болған жағдайда мемлекеттік және/немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған а у д а р м а с ы м е н) .

7) төлем туралы квитанция.

Білім беру ұйымдары берген осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға апостиль қойылуы немесе заң жүзінде мойындалған болуы тиіс не тұтынушы оқу орнынан өзінің оқығанын растайтын мұрағаттық а н ы қ т а м а та п с ы р у ы қ а ж е т .

Жеңілдіктер көзделмеген.

12. Білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініштердің үлгілерін тұтынушы орталықтың: www.nac.edu.kz сайтынан таба алады.

13. Белгіленген нысан бойынша толтырылған өтініштің бланкісі 11-тармақта көрсетілген құжаттар тізбесінің барлығымен бірге мына мекенжайда орналасқан орталыққа тапсырылады: Астана қ., Жеңіс д., 16\1, (4-қабат, сол жақ қанат).

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттардың тапсырылғанын орталық берген, құжаттарды қабылдаған күні көрсетілген а н ы қ т а м а р а с т а й д ы .

15. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәлікті алу үшін тұтынушының өзі немесе тұтынушының сенімхатымен уәкілеттік берілген адамдардың келуі талап етіледі.

16. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар пакетінің толық ұсынылмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады .

Тұтынушының білім беру ұйымында оқығаны расталмаған жағдайда, орталық бұл фактіні уәкілетті органға хабарлап, ол заңнамада белгіленген тәртіппен ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Егер білім алған елдің білім беру құрауышы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құрауышына сәйкес келмесе (айырма 35%-дан асса), орталық тұтынушыны тест түрінде сынақтан өту үшін тиісті білім беру ұйымына жібереді. Нәтижесі оң болған жағдайда, тұтынушының нострификацияға тапсырған құжаттары орталықтың сараптау

комиссиясының қарауына жіберіледі, керісінше жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартыла отырып, құжаттар пакеті иесіне қайтарылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитет мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мынадай:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандығын сақтау;
- 2) қызметтік парызды атқару барысында заңдылықты сақтау;
- 3) барлық мәселені қамтитын және толық ақпарат беру;
- 4) с ы п а й ы л ы қ ;

5) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын, сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылған жағдайда құжаттардың қайтарылуына кепілдік қағидаттарын ұстанады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Мемлекеттік қызметті көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданудың тәртібін түсіндіруді және шағымды дайындауға көмек көрсетуді комитет төрағасы жүзеге асырады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелері бойынша наразылықтар болған жағдайда шағым комитет төрағасының атына беріледі.

22. Қызмет дөрекі көрсетілген жағдайларда шағым кеңсе арқылы комитетке беріледі (843-бөлме, байланыс телефоны: (87172) 74-23-77). Жұмыс кестесі: 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен 09.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс күндері - сенбі, жексенбі, сондай-ақ мереке күндері, және заңнамада белгіленген м е р з і м д е қ а р а л а д ы .

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым берілген кезде (көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына

наразылығы, көрсетілген қызметтің нәтижесімен келіспеу, қызметтің дұрыс көрсетілмеуі) тұтынушының жазбаша өтініші қажет.

25. Қабылданған шағым комитеттің кеңсесінде тіркеледі және заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Комитет төрағасының және орталық басшысының байланыс телефондары осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес ресми ақпарат көздерінде және орталық ғимаратындағы арнайы стенділерде көрсетіледі. Шағымды қараудың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты әкімшілік және талдамалық жұмыс басқармасының бастығы мен бас сарапшысынан, сондай-ақ орталықтың басқарма бастығынан білуге болады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

26. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қосымша ақпаратты тұтынушы Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларынан; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінен, сондай-ақ комитеттің (www.educontrol.kz) және орталықтың (www.nac.edu.kz) сайттарынан ала алады.

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

3.2. Ақпаратына электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандартына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы

(байланыс телефоны)

мекенжайында тұратын

Т . А . Ә .

(Астана қ, байланыс телефоны)

(мекеменің телефоны/факсы)

Жұмыс немесе оқу орны _____

Өтініш

Сізден _____ мамандығы бойынша
(көрсету)
_____ берген

(құжатты берген білім беру ұйымын көрсету)
_____ тануды, нострификациялауды өтінемін.
(аттестатты, дипломды, куәлікті көрсету)
Оқыған елі _____

(көрсету)
" ____ " _____ 20 ____ ж.

ж е к е қ о л ы

сенім білдірілген адамның қолы

н е г і з

күні, айы, жылы

«Білім туралы құжаттарды тану
және нострификациялау» мемлекеттік

қызмет стандартына

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау жөніндегі басшының және жауапты орындаушылардың деректері

№	Қызметі	Орналасқан мекен-жайы	Байланыс телефондары
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы	Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 919-бөлме.	8(7172)74-23-49
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Әкімшілік және талдамалық жұмыс басқармасының бастығы	Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 839-бөлме.	8 (7172) 74-24-29
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Әкімшілік және талдамалық жұмыс басқармасының бас сарапшысы	Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 839-бөлме.	8 (7172) 74-24-30
4	Қазақстан Республикасы Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры	Астана қ. Жеңіс даңғылы, 16\1 (4-қабат, сол жақ қанат)	(8-7172) 73-17-40

5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының басқарма бастығы	Астана қ. Жеңіс даңғылы, 16\1 (4-қабат, сол жақ қанат)	(8-7172) 73-17-44
---	--	--	-------------------

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 3 3 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білімнің жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білімнің жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - стандарт) осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес кенттің, ауылдық, (селолық) округтің жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - әкімдік) к ө р с е т е д і .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 6-бабының 5-тармағына және «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1256 қаулысының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет тәртібі туралы толық ақпарат тізбесі осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген әкімдіктердің фойелерінде, сондай-ақ облыстың әкімдіктердің, білім басқармаларының интернет-ресурстарында және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтында о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нәтижесі осы стандарттың 6-қосымшасына сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білімнің жалпы беру ұйымдарына және үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету туралы анықтама бере отырып, білімнің жалпы білім беру ұйымдарына және керісінше үйге тегін тасымалдауды қамтамасыз етуі немесе қызмет көрсетуді ұсынудан б а с т а р т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін жүгіну (өтініш түскен мерзімнен бастап 5 күн ішінде) 5 жұмыс күнін құрайды;

2) өтініш беруші жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (тіркеу кезінде) - 30 минуттан аспайды;

3) өтініш беруші жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 30 минуттан аспайды;

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет оқу жылы бойы көрсетіледі:

1) белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;

2) қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет тұтынушыларға, оның ішінде физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсету үшін жағдай көзделген әкімдіктердің ғимараттарында көрсетіледі. Күту залдары толтырылған бланктердің үлгілері бар ақпараттық стенділермен жарақталған

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

1) білім алушының /тәрбиеленушінің/ ата-анасы немесе заңды өкілінің баланы жалпы білім беру ұйымдарына тегін тасымалдаумен қамтамасыз етуге арналған осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес өтініші;

2) баланың туу туралы куәлігінің түпнұсқасы және көшірмесі (жеке куәлігі);

3) осы стандарттың 5-қосымшасына сәйкес оқу орнының анықтамасы.

Туу туралы куәліктің, жеке куәліктің түпнұсқасы көшірмемен салыстыру үшін беріледі және кейін тұтынушыға қайтарылады.

12. Мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініштің үлгісі әкімдіктің фойесінде орналастырылады, сондай-ақ әкімдіктің мамандарында болады.

13. Өтініштің, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі және/немесе жеке куәлігі және оқу орнынан алынған анықтама аталған қызметті көрсетуге жауапты әкімдіктің әлеуметтік мәселеге жетекшілік ететін маманының кабинетіне тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде тұтынушыға осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес қажетті құжаттарды алуда қызмет көрсетуді алған күнін көрсете отырып, қолхат берген әкімдік маманының өтінішті қабылдап алған нөмірі мен күнін, тегін, атын,

әкесінің атын көрсете отырып қолхат беріледі.

15. Тұтынушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін жеткізу тәсілін әкімдіктің маманы белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес әкімнің қолымен және мөрімен расталған, осы стандарттың 6-қосымшасына сәйкес білімнің жалпы білім беру ұйымдарына (білім беру ұйымдарын көрсете отырып) тегін тасымалдауды қамтамасыз ету туралы қабылданған анықтама негізінде асырады. Тұтынушы жеке өзі жүгінген кезде өтініштің келіп түскен сәтінен бастап 5 күн өткен соң әкімдіктің маманы береді.

Анықтама беру туралы мәлімет осы стандарттың 7-қосымшасына сәйкес анықтаманы есепке алу кітабында тіркеледі.

16. Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту үшін бас тартудың себептерін жазбаша негіздей отырып, тұтынушының осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық тапсырмауы негіз болады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Әкімдіктің қызметі:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- 2) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 3) тұтынушы ұсынған құжаттардың мазмұны туралы ақпараттың қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 4) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) мемлекеттік қызметті уақтылы ұсыну;
- 6) нақтылық және сыпайылық қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызметті ұсынудың нәтижелері осы стандарттың 9-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі

5. Шағымдану тәртібі

20. 1-қосымшада көрсетілген кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органдары уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді және шағымды

дайындауға

жәрдем

көрсетеді.

21. Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электронды түрде қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда не жұмыс күндері қолма-қол облыстық әкімдіктің кеңсесі арқылы аталған стандарттың 8-қосымшасына сәйкес қ а б ы л д а н а д ы .

Шағым беру кезінде қажетті құжаттардың тізбесіне еркін нысанда жазылған өтінішін және қызмет көрсету үшін тұтынушы ұсынған құжаттардың кө ш і р м е л е р і к і р е д і .

Әкімінің жұмыс және қабылдау кестесі белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге д е й і н а й қ ы н д а л ғ а н .

22. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы бойынша наразылық болса, қызмет дәрекі көрсетілген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне Астана қаласы, « Министрлік үйі» әкімшілік ғимараты, 11-кіреберіс, 945-кабинет мекенжайы б о й ы н ш а б е р і л е д і .

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Әкімдікке шағым беру үшін тұтынушы өтінішті еркін нысанда өз қ о л ы м е н ж а з а д ы .

25. Қабылданған шағым әкімдіктің кіріс ақпаратын есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Тұтынушыға өтініштің күні мен уақыты, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижесі тұтынушыға жазбаша түрде пошта арқылы х а б а р л а н а д ы .

26. Тұтынушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бойынша қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінде 010000, Астана қаласы, « Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 11-кіреберіс, 945-каб. мекенжайынан, сондай-ақ. www.bala-kkk.kz сайтынан ала алады.

«Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білімнің жалпы білім бері ұйымдарына және үйге тегін тасымалдауды қамтамасыз ету» мемлекеттік қызмет стандартына

1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдарының елді мекендердің, ауыл (село), ауылдық (селолық) әкімдіктердің тізбесі

P/c №	Әкімдіктің толық атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Заңды мекенжайы	Сайттың мекенжайы
1	2	3	4	5	6
Ақмола облысы					
1.	«Ақкөл қаласы әкімінің аппараты» ММ	Радовка ауылы, Ақкөл орман қожалығы, Ерназар ауылы	8(716)38 21094	Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов к-сі, 83 инд.020100	htt:www.akmo.kz
2.	«Ақкөл ауданы Қарасай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қарасай ауылы, Қына ауылы, Минское ауылы	8(716) 3834190	Ақкөл ауданы, Қарасай ауылы инд .020110	
3.	«Ақкөл ауданы Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кеңес ауылы, Домбыралы ауылы, Барап ауылы, Красный горняк ауылы	8(716)38 38294	Ақкөл ауданы, Кеңес ауылы инд. 020102	
4.	«Ақкөл ауданы Наумов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Наумов ауылдық округі,	8(716)38 32334	Ақкөл ауданы, Наумовка ауылы Ақбидай к-сі инд. 020107	
5.	«Ақкөл ауданы Новорьбин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новорьбин ауылы, Қара-өзек ауылы Құрылыс ауылы	8(716)38 33294	Ақкөл ауданы, Новорьбин ауылы инд .020100	
6.	«Ақкөл ауданы Жалғызқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Жалғызқарағай ауылдық округі, Қайнар ауылы, Тастыадыр ауылы	8(716) 3832166	Ақкөл ауданы, Жалғызқарағай ауылы инд.020109	
7.	«Ақкөл ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Еңбек ауылдық округі, Дмитров ауылы, Рамадан ауылы	8(716) 3837101	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылы инд.020111	
8.	«Ақкөл ауданы Үрпі ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Үрпі ауылы, Амангелді ауылы, Мало-Александров ауылы, Ерофеевка ауылы	8(716)38 31535	Ақкөл ауданы, Үрпі ауылы инд.020112	
9.	«Ақкөл ауданы Бөгембай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бөгембай ауылдық округі	8(716) 4549454	Ақкөл ауданы, Бөгембай ауданы, Бөгембай ауылы инд .020100	
	«Ақкөл ауданы Қырық-Құдық				

10.	ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қырық-Құдық ауылдық округі Азат ауылы.	8(716)454 5523	Ақкөл ауданы, Қырық-Құдық ауылы инд.020103	
11.	«Астрахан ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Астрахан ауылдық округі, Жаңабірлік селосы	8(716) 4122479	Астрахан ауылы Әл-Фараби к-сі,50 инд .020300	h t t h // www.astrahan.akmol.kz
12.	«Астрахан ауданы « Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ұзынкөл ауылдық округі, (Алғабас ауылы)	8(716) 4127135	Астрахан ауданы Ұзынкөл ауылы инд .0203026	h t t h // www.astrahan.akmol.kz
13.	«Астрахан ауданы Николаев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Николаев ауылдық округі, Өрнек селосы	8(716) 4125510	Астрахан ауданы, Петровка ауылы инд .020321	h t t h // www.astrahan.akmol.kz
14.	«Астрахан ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Первомай ауылдық округі	8(716) 4129375	Астрахан ауданы, Первомай ауылы инд .020320	h t t h // www.astrahan.akmol.kz
15.	«Астрахан ауданы Староколутон ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Староколутон ауылдық округі	8(716) 4124641	Астрахан ауданы, Старый колутон ауылы инд.020323	h t t h // www.astrahan.akmol.kz
16.	«Атбасар ауданы Макеев ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Макеев ауылдық округі Макеев ауылы, Третьяков ауылы	8(716) 4399390	Атбасар ауданы, Шүй ауылы инд. 020425	
17.	«Атбасар ауданының Сергеевка ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Сергеевск ауылдық округі Ащыкөл ауылы	8(716) 4391330	Атбасар ауданы, Сергеевка ауылы инд.020420	
18.	«Атбасар ауданының Полтавск ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Полтавск ауылдық округі Титовка ауылы	8(716) 4396335	Атбасар ауданы, Полтавка ауылы инд .020416	akimpoltawka@mail.ru
19.	«Атбасар ауданының Тельмановск ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Тельман ауылдық округі	8(716) 4395335	Атбасар ауданы, Тельман ауылы инд .0204220	
20.	«Атбасар ауданы Ярослав ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Ярослав ауылдық округі	8(716) 4394335	Атбасар ауданы, Тимошов ауылы инд .020423	Akim_uaroslawski@mail.ru
21.	«Атбасар ауданы Октябрь ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Октябрь ауылдық округі	8(716) 4324343	Атбасар ауданы, Новосамарка ауылы инд .020414	Akimat_ok@mail.ru

22.	«Атбасар ауданы әкімдігінің аппараты» ММ	Атбасар қаласы	8(716) 4324343	Атбасар қаласы, Ш.Уәлиханов к-сі, 9 инд .020400	Atbasar onlain.kz
23.	«Атбасар ауданы Покров ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Покровск ауылдық округі	8(716) 4324343	Атбасар ауданы, Покровка ауылы инд .020415	
24.	«Аршалы ауданы Жібек Жолы ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Жібек Жолы ауылдық округі	8(716) 4423234	Аршалы ауданы, Жібек Жолы ауылы инд .020202	
25.	«Аршалы ауданы Анар ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Анар ауылдық округі Донецкое ауылы	8(716) 4460268	Аршалы ауданы Анар станциясы инд.020206	
26.	«Аршалы ауданы Бірсуат ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Бірсуат ауылдық округі	8(716) 4425534	Аршалы ауданы, Бірсуат ауылы инд020212	
27.	«Аршалы ауданы Волгонов ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Волгонов ауылдық округі	8(716) 4423434	Аршалы ауданы, Волгонов ауылы инд .020204	
28.	«Аршалы ауданы Ижевск ауылдық округі әкімдігінің аппараты»	Ижевск ауылдық округі	8(716) 4424234	Аршалы ауданы, Ижевск ауылы инд .020207	
29.	«Аршалы ауданы Түрген ауылдық округі әкімдігінің аппараты»	Түрген ауылдық округі	8(716) 4425234	Аршалы ауданы, Түрген ауылы инд .020207	
30.	«Аршалы ауданы Бұлақсай ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ	Бұлақсай ауылдық округі Қостұмар ауылы	8(716) 4425734	Аршалы ауданы, Бұлақсай ауылы инд .020211	
31.	«Бурабай ауданы Бурабай кентінің әкімі аппараты» ММ	Бурабай кенті Сарыбұлақ ауылы	8(716)30 71296, 71202	Бурабай ауданы Бурабай кенті инд.021708	
32.	«Бурабай ауданы Веденов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Веденов ауылдық округі Жаңатуған ауылы	8(716) 3697431	Бурабай ауданы Веденов ауылы инд.021709	
33.	«Бурабай ауданы Кенесары ауылдық округі әкімі аппараты» ММ	Кенесары ауылдық округі	8(716) 3693233	Бурабай ауданы, Кенесары ауылы инд .021710	
34.	«Бурабай ауданы Шучье қаласы			Бурабай ауданы Шучье қаласы	

	«Әкімінің аппараты» ММ	Шучье қалалық әкімдігі Светлый шипажайы	8(716) 3643264	Абылайхан к-сі, 34 инд .021700	
35.	«Бурабай ауданы Златополье ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Златопольск ауылдық округі, Златополье ауылы, Сотниковка ауылы	8(716) 3643264	Бурабай ауданы Златополье ауылы инд .021715	
36.	«Бурабай ауданы Успенюрьев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Успенюрьев ауылдық округі Үлгі алған ауылы, Радгородок ауылы	8(716) 3692125	Бурабай ауданы, Успенюрьев ауылы инд .021716	
37.	«Бурабай ауданы Қатаркөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қатаркөл ауылдық округі Приозерное ауылы, Ключевое ауылы, Вишневое ауылы	8(716) 3691260	Бурабай ауданы Қатаркөл ауылы инд .021716	
38.	«Бурабай ауданы Үрімқай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Үрімқай ауылдық округі Ынталы ауылы, Күлстан ауылы	8(716) 3643264	Бурабай ауданы Үрімқай ауылы инд.021725	
39.	«Бурабай ауданы Зеленый ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Зеленоборск ауылдық округі, Молбаза ауылы, Қымызнай ауылы	8(716) 3674346	Бурабай ауданы, Зеленый бор ауылы инд .021714	
40.	«Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Атамекен ауылдық округі Қаражар ауылы	8(716) 3696118	Бурабай ауданы Атамекен ауыл инд .021718	
41.	«Бұланды ауданы Айнакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Айнакөл ауылдық округі Острогорка ауылы	8(716) 4631433	Бұланды ауданы, Айнакөл ауылы Жастар к-сі, 18 инд. 020508	ainakol_@mail.ru
42.	«Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Амангелді ауылдық округі, Амангелді ауылы	8(716)46 35383	Бұланды ауданы, Партизанка ауылы Ленина к-сі, 22 инд .020513	Partizanka_akimat@mailru
43.	«Бұланды ауданы Вознесенск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Вознесенск ауылдық округі, Старый Вознесенка ауылы	8(716) 4634111	Бұланды ауданы, Вознесенка ауылы инд .020501	wzinter@yandex.ru
44.	«Бұланды ауданы Журавлевск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Журавлевск ауылдық округі, Ярославка ауылы	8(716) 4637321	Бұланды ауданы, Журавлевка ауылы инд. 020504	guravlevka@mail.ru
45.	«Бұланды ауданы Капитонск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Капитоновск ауылы Пушкинка ауылы	8(716) 4632137	Бұланды ауданы, Капитоновка ауылы Ленина к-сі, 50 инд. 020505	

46.	«Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қараөзек ауылдық округі, Аққайың ауылы, Байсуат ауылы	8(716)4638483	Бұланды ауданы, Қараөзек ауылы, Балуан-Шолак к-сі инд. 020507	
47.	«Бұланды ауданы Никольск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Никольск ауылдық округі Ұлтуған ауылы	8 (716)4634423	Бұланды ауданы, Никольск ауылы инд. 020510	Nikolsk581 @rambler.ru
48.	«Бұланды ауданы Новобрат ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новобратск ауылдық округі, Добровольная ауылы	8(716)4636735	Бұланды ауданы, Новобратск ауылы инд. 020511	novobratsk@mail.ru
49.	«Егіндікөл ауданы Жалманқұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Жалмақұлақ ауылдық округі Жұлдыз ауылы, Қоңыртүбек ауылы	8 (716)4221307	Егіндікөл ауданы Жалманқұлақ ауылы инд. 020604	
50.	«Егіндікөл ауданы Буревестник ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Буревестник ауылдық округі, Буревестник ауылы	8(716)4222032	Егіндікөл ауданы, Буревестник ауылы инд. 020603	
51.	«Еңбекшілдер ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Еңбекшілдер ауылдық округі, Трудовое селосы	8(716)4923010	Егіндікөл ауданы, Еңбекшілдер ауылы инд. 020074	
52.	«Еңбекшілдер ауданы Еңбекшілдер ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Үлгі ауылдық округі Жүкей ауылы, Трамбовка ауылы	8(716)3920469	Егіндікөл ауданы Үлгі ауылы инд. 020707	
53.	«Еңбекшілдер ауданы Үлгі ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Макин ауылдық округі Сосновка ауылы	8(716)3928161	Егіндікөл ауданы, Макин ауылы инд. 020708	
54.	«Еңбекшілдер ауданы Макин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Макин ауылдық округі Сосновка ауылы	8(716)3928161	Егіндікөл ауданы, Макин ауылы инд. 020708	
55.	«Еңбекшілдер ауданы Краснофлот ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Краснофлот ауылдық округі Белағаш ауылы	8(716)3923305	Егіндікөл ауданы, Краснофлот ауылы инд. 020700	
56.	«Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласы әкімінің аппараты» ММ	Пригорхоз ауылы	8(716)3921653	Егіндікөл ауданы, Степняк қаласы Антаев к-сі, 22 инд.020700	

57.	«Ерейментау ауданы Бестоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қызыл ту ауылы, Байсары ауылы	8(716)3921653	Ерейментау ауданы, Бестоғай инд.020804	к-сі
58.	«Ерейментау ауданы Күншалған ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Күншалған ауылдық округі Шәкей ауылы, Қаратал ауылы	8(716)4937291	Ерейментау ауданы, Күншалған инд. 020805	
59.	«Ерейментау ауданы Торғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Торғай ауылдық округі Қарағайлы ауылы, Балықты ауылы	8(716)3335295	Ерейментау ауданы, Торғай ауылы инд .020810	
60.	«Ерейментау ауданы Үленті ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Үленті ауылдық округі Үленті станциясы, Қоржынкөл станциясы	8(716)3336183	Ерейментау ауданы, Үленті ауылы инд .020811	
61.	«Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Еркіншілік ауылдық округі, Веренка ауылы, Еңбек ауылы	8(716)3333224	Ерейментау ауданы, Еркіншілік ауылы инд .020808	
62.	«Ерейментау ауданы Қойтас ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новодолинск ауылдық округі Целинное ауылы	8(716)3353833	Ерейментау ауданы, Новодолинка ауылы инд . 020806	
63.	«Ерейментау ауданы Новодолинск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қойтас ауылдық округі Аж ауылы	8(716)3336331	Ерейментау ауданы Қойтас ауылы инд .020800	
64.	«Есіл ауданы Двуречный ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Тайбай ауылдық округі Елтай ауылы, Малтабар ауылы, Жарық ауылы	8(716)3337769	Ерейментау ауданы Тайбай ауылы	
65.	«Есіл ауданы Красивинск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Благодатенск ауылы Алғабас ауылы	8(716)3353958	Ерейментау ауданы Олжабай батыр ауылы, инд. 020801	
66.	«Есіл ауданы Красногорск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ақмырза ауылы Жолбасшы ауылы	8(716)3332357	Ерейментау ауданы Ақмырза ауылы инд .020807	
67.	«Зеренді ауданы Ақкөл ауылдық				

	округі әкімінің аппараты» ММ	Ақкөл ауылы Ивановка ауылы Туполевка ауылы	8(716)32 37 630	Зеренді ауданы Ақкөл ауылы инд.021203	
68.	«Зеренді ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бұлақ ауылдық округі Жаңаауыл ауылы, Қарағай ст.	8(716)32 38 518	Зеренді ауданы Еленов ауылы инд. 021212	
69.	«Зеренді ауданы Алексеев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Алексеевск ауылы	8(716)32 35 650	Зеренді ауданы Алексеев а у ы л ы инд. 021204	
70.	«Зеренді ауданы Пухальск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Пухальск ауылы	8(716)32 27 285	Зеренді ауданы Пухальск ауылы инд. 021227	
71.	«Зеренді ауданы Исаков ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Исаковск ауылы	8(716)32 27192	Зеренді ауданы Исаков ауылы инд. 021213	
72.	«Зеренді ауданы Зеренді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Зеренді ауылы	8(716)32 22 440	Зеренді ауданы Зеренді ауылы Мира к-сі,12 инд. 021200	
73.	«Жақсы ауданы Жаңақима ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Жаңақима ауылы	8(716)35 551500	Жақсы ауданы Жаңақима ауылдық округі инд.021004	janakima akimat@ mail.ru
74.	«Жақсы ауданы Терсақан ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Терсақан ауылы	8(716)49 33383	Жақсы ауданы Терсақан ауылдық округі инд .021007	
75.	«Жақсы ауданы Қызылсай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қызылсай ауылы	8(716)35 93371	Жақсы ауданы Қызылсай ауылдық округі инд.021013	
76.	«Жақсы ауданы Запорожск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Запорожск ауылы	8(716)35 57271	Жақсы ауданы Запорожье ауылдық округі инд. 021005	zaporozhski2009@ mail.ru
77.	«Жақсы ауданы Қайрақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қайрақты ауылы	8(716)35 94619	Жақсы ауданы Перекатное ауылдық округі инд.021008	Kair 946 @ mail.ru
78.	«Жақсы ауданы Новокиенск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новокиенск ауылы Парчевка ауылы	8(716)35 96116	Жақсы ауданы Новокиенка ауылдық округі инд.021015	novokimat @mail.ru

79.	«Жарқайың ауданы Костычевск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Костычевск ауылы	8(716) 4893473	Жарқайың ауданы Костычево ауылдық округі инд. 021100	School50let@mail.ru
80.	«Сандықтау ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Лесный ауылы	8(716)40 97576, 97535	Сандықтау ауданы, Лесное ауылдық округі инд.021411	
81.	«Сандықтау ауданы Балқаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Балқаш ауылы	8(71640) 92481, 92775, 91230	Сандықтау ауданы Балқашино ауылы Абылай хан к-сі, 119 инд. 021400	
82.	«Сандықтау ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бірлік ауылдық округі	8(71640) 93247	Сандықтау ауданы Красная поляна ауылдық округі инд. 021410	
83.	«Сандықтау ауданы Белгородск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Белгородск ауылдық округі	8(71640) 94524, 94146	Сандықтау ауданы Белгородское ауылдық округі инд.021403	
84.	«Шортанды ауданы Шортанды кентінің әкімінің аппараты» ММ	Шортанды кенті	8(716)22767	Шортанды ауданы Шортанды кенті Абылай хан к-сі, 33 инд. 021600	Shortakimat.kz
85.	«Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бозайғыр ауылдық округі	8(716) 2513525153, 25675	Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі Ляна к-сі, 41 инд. 021606	bozaigur@mail.ru
86.	«Шортанды ауданы Бектау ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бектау ауылдық округі Қаражар ауылы, Конкрынка ауылы	8(716) 3125341	Шортанды ауданы Бектау ауылдық округі инд.021603	
87.	«Шортанды ауданы Новоселовск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новоселовск ауылдық округі	8(716) 3125543	Шортанды ауданы Новоселовск ауылдық округі Абая к-сі, 18 инд. 021611	NOVASELakimat@rambler.ru
88.	«Шортанды ауданы Новокубанск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новокубанск ауылдық округі	8(716) 3124635	Шортанды ауданы Новокубанка ауылдық округі Почтовая к-сі, 10 инд.021610	
89.	«Шортанды ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Андреевск ауылдық округі	8(716) 3124344	Шортанды ауданы Андреевка ауылдық округі инд.021602	

90.	«Целиноград ауданы Ақмол ауылдық округі әкімі аппараты» ММ	Ақмол ауылдық округі	8(716) 5131169	Целиноград ауданы Ақмол ауылдық округі инд.021800
91.	«Целинград ауданы Софиев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Софиев ауылдық округі	8(716) 5136225	Целиноград ауданы Софиев ауылдық округі инд.021812
92.	«Целиноград ауданы Родина ауылдық округі әкімі аппараты» ММ	Родина ауылдық округі Зеленый Гай ауылы, Садовое ауылы	8(716) 5127425	Целиноград ауданы Родина ауылдық округі инд.021809
93.	«Целинград ауданы Қабанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қабанбай батыр ауылдық округі, Садыадыр ауылы, Нұра ауылы, Қызылжыр ауылы	8(716) 5191745	Целиноград ауданы Қабанбай батыр атындағы ауылы инд .021810
94.	«Целиноград ауданы Воздвиженск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Воздвиженск ауылдық округі	8(716) 5196224	Целиноград ауданы Воздвиженка ауылдық округі инд.021801
95.	«Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қараөткел ауылдық округі	8(716) 5124252	Целиноград ауданы Қараөткел ауылы инд .010000
96.	«Целиноград ауданы Қосшы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қосшы ауылдық округі	8(716) 5199619	Целиноград ауданы Қосшы ауылдық округі инд.021804
97.	«Целиноград ауданы Оразақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Оразақ ауылдық округі	8(716) 5132225	Целиноград ауданы Оразақ ауылы инд .021808
98.	«Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Шалқар ауылдық округі	8(716) 51339225	Целиноград ауданы Шалқар ауылы инд.021808
99.	«Целиноград ауданы Новоишимск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Новоишимск ауылдық округі	8(716) 5134225	Целиноград ауданы Новоишимка ауылы инд .021807
100.	«Целиноград ауданы Рақымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Рақымжан Қошқарбаев ауылдық округі	8(716) 5195222	Целиноград ауданы Рақымжан Қошқарбаев ауылы инд.021811
	«Целиноград ауданы Талапкер ауылдық			

101	округі әкімінің аппараты» ММ	Талапкер ауылдық округі	8(716) 5196419	Талапкер ауылдық округі инд.021811	
102	«Целиноград ауданы Қоянды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Оразақ ауылдық округі	8(716) 5132225	Целиноград ауданы Оразақ ауылдық округі инд.021808	
103	«Целиноград ауданы Красноярск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Жалғызқұдық ауылы Красноярка ауылы	8(716) 5135225	Жалғызқұдық ауылдық округі инд.021803	

Ақтөбе облысы

р/с №	Әкімдіктің толық атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Заңды мекенжайы	Сайттың мекенжайы
1	2	3	4	5	6
1	«Әйтекеби ауданы Қарабұтақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қарабұтақ ауылы	8(713)39-21726	Қарабұтақ ауылдық округі Алдабергенов к-сі, 74 инд.001300	K a r c h e v . 80@mail.ru
2	«Әйтекеби ауданы Комсомольск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Комсомольск ауылы	8(713)39-21679	Комсомольск ауылдық округі Азат к-сі, 3 инд.001300	zhurgenov SH@mail.ru
3	«Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ырғыз ауылы Ақшы ауылы, Қалалықұл ауылы, Қалыбай ауылы	8(713) 4321687	Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылдық округі, Әбілхайыр хан к-сі, 28 инд:030400	
4	«Ырғыз ауданы Тәуіп ауылдық округінің әкімінің аппараты» ММ	Құйлыс ауылы, Карақұл ауылы	8(71343) 32020	Ырғыз ауданы Құйлыс ауылдық округі инд: 030400	
5	«Ырғыз ауданы Нұра ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Нұра ауылы, Белшер ауылы, Мамыр ауылы, Дүкен ауылы	8(71343) 25120	Ырғыз аданы Нұра ауылдық округі инд .030400	
6	«Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Құрылыс ауылы, Шеңбертал ауылы, Жаныс би ауылы	8(71343) 36339	Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі инд.030400	
7	«Ырғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Құмтоғай ауылы, Қарақұдық ауылы, Қарасай ауылы	8(71343) 24330	Ырғыз ауданы Құмтоға ауылдық округі инд .030400	
8	«Ырғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Құттыкөл ауылы, Аманкөл ауылы, Жарма ауылы	8(713) 4372280	Ырғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі инд .030400	
	«Ырғыз ауданы Жайсанбай ауылдық				

9	округінің әкімдігі аппараты» ММ	Жайсанбай ауылы	8(713)43 32114	Ырғыз ауданы Жайсанбай ауылдық округі инд.030400	
10	«Қарғалы ауданы Бадамша ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бадамша 2 кеңшары, Кемпірсай ст.	8(713) 4222238	Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы Әйтекеби 32 инд.030500	<u>b a d a m a k i m @ mail.ru</u>
11	«Қарғалы ауданы Кемпірсай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кемпірсай ауылы, Қарабұтақ ауылы	871342- 26504	Қарғалы ауданы, Жосалы ауылдық округі инд.030507	
12	«Қарғалы ауданы Әлімбетов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Нововведенка ауылы, Қызылсай ауылы, Бұғымбай ауылы	871342- 28800, 29802	Қарғалы ауданы, Әлімбетов ауылдық округі Қазақстан к-сі, 72 инд.030502	
13	«Қарғалы ауданы Стеной ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Первомай ауылы, Мамыт ауылы, Қайрақтысай ауылы	871342- 29623	Қарғалы ауданы, Степное ауылдық округі Құнаев к-сі, 3-1 инд .030511	<u>Stepnoi_ so@mail.ru</u>
14	«Қарғалы ауданы Велиховск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Велиховка ауылы, Ақ-Жайық ауылы	871342- 26310	Қарғалы ауданы, Велиховка ауылдық округі Центральный к-сі 5 3 инд. 030505	
15	«Қарғалы ауданы Ащылысай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ақкөл ауылы, Преображеновка ауылы	871342- 29251	Қарғалы ауданы, Ащылысай ауылдық округі Бауыржан Момышұлы к-сі, 32 инд .030506	
16	«Қарғалы ауданы Көсістек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Сарыбұлақ ауылы	8(7134)2- 24184	Қарғалы ауданы, Көсістек ауылдық округі Абая к-сі, 135 инд .030508	
